

Есеп

24.11.2025 жыл «Дос болайық!» буллинг пен кибербуллингтің алдын алу апталығының ашылуы

2025 жылғы 24 қараша күні мектебімізде «Дос болайық!» атты буллинг пен кибербуллингтің алдын алуға бағытталған апталықтың ашылу рәсімі өтті. Іс-шараны педагог-психолог Жуманова Жанар Оразовна ұйымдастырып, өткізді.

Шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, олардың зияны туралы түсіндіру, сондай-ақ өзара сыйластық пен қолдау мәдениетін қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында оқушыларға апталықтың жоспары жан-жақты таныстырылып, буллинг пен кибербуллингтің түрлері, олардың пайда болу себептері, туындау жағдайлары мен салдары туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар, оқушыларға мұндай жағдайлардың алдын алу жолдары, өз құқықтарын қорғау, сенім білдіретін ересектерге жүгіну, қиын жағдайда дұрыс әрекет ету тәсілдері түсіндірілді.

Шара аясында оқушылар «Достық аңтын» қабылдап, бір-біріне құрметпен қарауға, қолдау көрсетуге, қиын сәттерде жанынан табылуға уәде берді. «Жақсы сөз – жүрекке қуат» атты флешмоб барысында оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, жағымды эмоциялармен бөлісті. Бұл әрекет мектеп ішінде позитивті атмосфера қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар «Тәтті сыйлар» іс-шарасы ұйымдастырылып, оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, олардың белсенді қатысуына серпін берді.



Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық білдіріп, қойылған сұрақтарға жауап берді. Бұл олардың тақырыпты түсіну деңгейінің жоғары екенін көрсетті.

Аталған іс-шара оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтуға, бір-біріне қолдау көрсетуге, мейірімділік пен сыйластық қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ мектепте қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталды.

Қорытындылай келе, апталықтың ашылу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды.



ПСИХОЛОГИЯ-АШТАЛЫҒЫ



25.11.2025 жыл «Дос қолы» акциясы

«Дос болайық!» буллинг пен кибербуллингтің алдын алу апталығы аясында 2-күні мектебімізде «Дос қолы» акциясы өткізілді. Аталған іс-шараны педагог-психолог Жумашова Жанар Оразовна ұйымдастырды.

Акцияның негізгі мақсаты – оқушылар арасында достық, бірлік, мейірімділік құндылықтарын нығайту, буллингтің алдын алу және өзара қолдау мәдениетін қалыптастыру болды.


Іс-шара барысында оқушылар өз алақандарының бейнесін түрлі-түсті қағаздарға түсіріп, оның ішіне бір-біріне арналған жылы тілектерін, қолдау сөздерін, достық пен сыйластыққа шақыратын жүрекжарды жазбаларын қалдырды. Оқушылардың жазбаларында «Біз біргеміз», «Әрқашан көмектесемін», «Дос болайық», «Сен жалғыз емессің» сияқты мазмұнды, жігерлендіретін сөздер көрініс тапты.

Әр сыныптың жұмыстары біріктіріліп, нәтижесінде үлкен «Достық постері» жасалды. Бұл постер мектептің көрнекі орнына ілініп, барлық оқушылар үшін достық пен бірліктің символына айналды.

Акция барысында оқушылар белсенділік танытып, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Сонымен қатар, олар өзара қарым-қатынасты нығайтып, бір-біріне қолдау көрсету арқылы жағымды эмоциялар алды.

Аталған іс-шара оқушылардың бір-біріне деген құрметін арттыруға, сенімді қарым-қатынас орнатуға, ұжымдық бірлікті күшейтуге және мектепте қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, «Дос қолы» акциясы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті.



26.11.2025 жыл «Буллингсіз әлем» фильм және мультфильм күні

«Дос болайық!» буллинг пен кибербуллингтің алдын алу апталығының 3-күні мектебімізде «Буллингсіз әлем» атты фильмдер мен мультфильмдер күні ұйымдастырылды. Іс-шараны педагог-психолог Жұмашова Жанар Оразовна өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің зияны туралы жаппай түсінік беру, олардың алдын алу жолдарын көрсету, сондай-ақ қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйрету және психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру болды.


Шара барысында оқушылар жас ерекшеліктеріне сәйкес буллингтің алдын алуға бағытталған тәрбиелік мультфильмдер мен қысқаметражды фильмдерді тамашалады. Көрсетілген бейнематериалдарда достық, өзара сыйластық, қиын жағдайда көмек сұрау, зорлық-зомбылыққа қарсы тұру сияқты маңызды тақырыптар қамтылды.

Көрсетілім аяқталған соң әр сыныпта мазмұнды талқылау ұйымдастырылды. Оқушыларға «Фильмнен не түсіндің?», «Кейіпкерлердің әрекетіне қалай қарайсың?», «Осындай жағдайға тап болсаң, не істер едің?», «Қалай дұрыс әрекет жасауға болады?», «Қиын жағдайда кімнен көмек сұрау керек?» сияқты сұрақтар қойылды. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, түрлі өмірлік жағдайларды талқылады.

Талқылау барысында оқушылар буллингтің адам психологиясына тигізетін кері әсері, оның салдары және алдын алу жолдары туралы түсініктерін кеңейтті. Сонымен қатар, олар бір-біріне қолдау көрсету, достық қарым-қатынасты сақтау, өзгелердің сезіміне құрметпен қарау қажеттілігі туралы маңызды ойлар айтты.

Іс-шара оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, өз пікірін ашық айтуға, сондай-ақ жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етті. Оқушылар белсенділік танытып, шараға қызығушылықпен қатысты.

Қорытындылай келе, «Буллингсіз әлем» күні өз мақсатына толық жетіп, оқушылардың буллингке деген көзқарасын өзгертуге, оны болдырмау мәдениетін қалыптастыруға және мейірімді, қауіпсіз орта құруға оң әсерін тигізді.



27.11.2025 жыл «Қауіпсіз интернет» квест-ойыны

27.11.2025 жылы «Дос болайық!» буллинг пен кибербуллингтің алдын алу апталығы аясында мектебімізде «Қауіпсіз интернет» атты квест-ойын ұйымдастырылды. Іс-шараны педагог-психолог Жумашова Жанар Оразовна өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың интернет кеңістігіндегі қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру, кибербуллингтің алдын алу, сондай-ақ саналы әрі жауапты цифрлық мәдениетті дамыту болды.

Квест-ойын барысында оқушылар бірнеше бекеттерден өтіп, киберқауіпсіздікке байланысты түрлі тапсырмалар орындады. Әр бекетте нақты тақырыптарға бағытталған сұрақтар мен практикалық тапсырмалар ұсынылды:

- қауіпсіз және сенімді құпия сөз құру;
- бейтаныс адамдармен онлайн қарым-қатынас кезіндегі қауіптерді анықтау;
- кибербуллингтен қорғану тәсілдері;
- жалған (фейк) ақпаратты ажырату;
- интернеттегі әдептілік нормалары мен жауапкершілік.

Оқушылар тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, логикалық ойлау, жылдам шешім қабылдау және топпен жұмыс жасау дағдыларын көрсетті. Әрбір дұрыс орындалған тапсырма үшін қатысушылар арнайы белгілер жинап отырды. Квест соңында барлық қатысушылар белсенділігі үшін марапатталып, «Қауіпсіз интернет» тақырыбындағы дипломдарға ие болды.

Іс-шара барысында оқушылар өз білімдерін тәжірибе жүзінде қолданып, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін тереңірек меңгерді. Сонымен қатар, олар кибербуллингтің алдын алу жолдары мен өздерін қорғау тәсілдері туралы маңызды ақпарат алды.

Қорытындылай келе, «Қауіпсіз интернет» квест-ойыны жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға және кибербуллингтің алдын алуға оң ықпалын тигізді.



28.11.2025 жыл «Дос болайық!» апталығының қорытынды шарасы өткізілді.

Мектебімізде өткен «Дос болайық!» буллинг пен кибербуллингтің алдын алу апталығы өз мәресіне жетті. Апталықтың жабылу рәсімін педагог-психолог Жумашова Жанар Оразовна ұйымдастырды.

Жабылу салтанатының негізгі мақсаты – апталық барысында жүргізілген іс-шараларды қорытындылау, оқушылардың белсенділігін бағалау, сондай-ақ достық, мейірімділік және өзара сыйластық құндылықтарын нығайту болды.

Іс-шара барысында оқушылар бір-біріне жүрекжарды тілектерін білдіріп, достықтың маңыздылығы, бір-біріне қолдау көрсету, құрметпен қарау сияқты адамгершілік қасиеттерді атап өтті. Бұл сәт мектеп ішінде жылы әрі жағымды психологиялық ахуал қалыптастырып, оқушылардың көңіл-күйін көтерді.

Апталықтың қорытындысы бойынша белсенділік танытқан, өзара көмек көрсеткен және үлгілі мінез-құлқымен ерекшеленген оқушылар марапатталып, алғыс хаттармен және мадақтамалармен наградталды. Сонымен қатар, апталық аясында ұйымдастырылған іс-шараларға, атап айтқанда «Қауіпсіз интернет» квест-ойынына қатысып, барлық тапсырмаларды сәтті орындаған сыныптар арнайы дипломдармен марапатталды.

Жабылу рәсімі барысында апталықтың маңыздылығы атап өтіліп, оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің алдын алу әркімнің жауапкершілігі екені түсіндірілді. Сонымен қатар, алдағы уақытта да мектепте достыққа негізделген, қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары жалғасын табатыны айтылды.

Қорытындылай келе, «Дос болайық!» апталығының жабылу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті. Аталған шара оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, буллинг пен кибербуллингке жол бермеу мәдениетін одан әрі дамытуға оң ықпал етті.

